

# SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI SEMEI

# SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2020 жыл №2 (124)  
ақпан

■ МЕРЕЙТОЙ

## ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

профессор Арап Еспенбетов 75 жаста



Арап Сләмұлы Еспенбетов - есімі елімізге кеңінен танымал бірегей тұлға.

Адами ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге, ағартушылыққа арнаған ғалым-ұстаз Арап Сләмұлының тәлімі мол, өнегелі ғұмыры өзгелерге үлгі.

Бүгінде бір сөзі мың ділдедан артық ақылман, жастарға жол сілтер жанашыр жан, белгілі ғалым Арап Сләмұлы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген сәттен бастап-ақ, оқу мен ғылымды қатар ұштастырып, еңбек жолын оқытушылық пен ғылыми ізденіске қатар өре білді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Халық ағарту саласының озық қызметкері, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Арап Сләмұлы белгілі түріктанушы, алаш арыстарының ізі, ұстазы Бейсенбай Кенжебайұлының кеңесімен пенделік ғұмыры ерте солса да, ақындық ғұмыры дәуірлермен таласқан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларының жарыққа шығуына, ақынның ғұмырнамалық өмір жолының әдеби-ғылыми бірізділенуіне зор үлес қосты.

Еліміздегі тұңғыш әрі бірегей сұлтанмахмұтттанушы А.Еспенбетовтің Торайғырұлының энциклопедиясының жарыққа шығуына қосқан үлесі мен еңбегі ғылым жолында жүрген талай жастарға зор үлгі.

Жалғасы 4-бетте.

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ КҮМІС КӨМЕЙ ӘНШІСІ

**Шәкәрім университеті күміс көмей әншісін таңдады! Студенттік парламент пен «Art-Union» ұйымының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Университет дауысы-2020» музыкалық сайысы өтті.**

Оқу ордасының жез таңдайларын анықтаған бәсекеге барлық факультет қатысып, бақтарын сынады.

Ұйымдастырушылар: «Бұл сайысты өткізудегі мақсат – оқу ордасының жезтаңдай әншісін таңдау ғана емес, сонымен қатар жастар арасында мәдени құндылықтарды насихаттап, талаптары мен таланттарын көрсетуге жағдай жасау», - дейді.

Қатысушыларға қойылған талап бойынша орындалатын әндер фонограммасыз, яғни жанды дауыста шырқалуы тиіс. Барлық талаптарды мүлтіксіз орындап, әділ қазылардың қатал сынынан өткен қатысушылардың бұл сайыстан алған әсерлері зор.

Сайыс қорытындысы бойынша 3 орынды аграрлық факультеттің студенті Тоқтарғалиев Серікжан, екінші



орын өнер және спорт факультетінің студенті Дәулетханов Сұлтан, ал бас жүлде – қазақ филологиясы факультетінің студенті Рыспек Темірланның қанжығасында. Жас өнерпаздарды жеңітерімен құттықтаймыз!

## Қайырымдылық – адам жанының нұры

2020 жылды «Еріктілер жылы» деп Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев жариялаған еді. Осы жылдың атқарар басты мақсаты – қоғамға көмек беру, мұқтаж жандарға қол ұшын созу. Бұндай игілікті жұмысты қайырымдылықпен де теңестіруге болады. Волонтер болу, ол әрине әр жастардың жүрек қалауы болуы тиіс. Осыны білу үшін біз жастардың өз ойларымен бөліскен едік.



**Елжан Мұратхан**  
-Жаратылыстану –  
математика факультетінің  
3-курс студенті:

- Волонтер дегеніміз – өз еркімен қоғамға, еліне, жеріне шын жүректен көмектесетін адам деп білемін. Осы уақытқа дейін мен «Шәкәрім волонтер» клубының көшбасшысы болғам, қазір Семей қаласы бойынша лига волонтерлардың төрағасымын.


Ерікті болып біз көптеген іс-шаралар ұйымдастырдық, мысалға «Үмітің үзілмесін» атты жәрмеңке ұйымдастырдық. Бұл жәрмеңкеден түскен қаржыға біз көп балалы отбасыға көмір алып бердік. Және де университет ішінде де кішігірім іс - шаралар ұйымдастырдық, айта берсем көп қой негізі.

Адам баласы жақсылық жасап бойына игі істерді сіңірсе, кішіпейіл болуға және өзінің қандай рухани бай адам екенін сезінуге мүмкіндік береді. Рухани бай адам – ұстамды, тәрбиелі, мейірімді келеді.

**Ержан Райханов** - Қазақ филология факультетінің 3-курс студенті:

Биылғы жыл жастар жылының жалғасы ретінде «Еріктілер жылы» деп жарияланып отыр және бұл біздің елімізге кейінгі ұрпақты керемет тәрбиелеуге септігін тигізеді деп ойлаймын.

Мәселен Америкада кез-келген жұмысқа орналасу үшін екі ай көлемінде ерікті болды деген тәжірибе міндетті түрде болуы керек. Ал ондай тәжірибесі болмаса, ешқандай жұмысқа кіре алмайды екен. Бұл негізінде өте дұрыс, себебі адамдар бір-біріне мейірім шапағатын бөлісіп, көмекке дайын болуы керек. Мен өзім «Жастар жылында» волонтер болдым. Биыл төменгі курстың студенттеріне жол берем. Дегенмен де әрдайым көмек сұраған жандарға көмектесуге дайынмын.



**Мадина Омарбек** - Инженерлік-технологиялық факультетінің 4-курс студенті:

- Еріктілер жылы мен де қолдаймын, себебі қазіргі қоғамымыздағы жастар болсын, үлкендер болсын мейірімділікті ұмытып бара жатқан секілді көрінеді. Оған дәлел күнделікті өмірде автобустарда үлкендерге орын бермейтін жастарды талай көрдім және қоршаған орталарын өздері ластап табиғатқа кесірлерін тигізіп жүргендерде бар. Волонтер тек адам баласына ғана қол ұшын созбайды және де табиғатты да қорғайды. Мен волонтерлық клубтарда болмасам да қоршаған ортаға зиянымды тигізбеуге тырысамын және мұқтаж жандарға да ақшалай немесе рухани қол созуға дайынмын. Қайырымдылықтың түрі көп қой, тек жақсылық жасап жарысайық, құрбылар!



**Малика Төлеуханова** - Инженерлік-технологиялық факультетінің 4-курс студенті:

- Осы жыл «Еріктілер жылы» деп тегіннен тегін жарияланбады. Қазіргі қоғамда көмекке мұқтаж әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар, жалғыз басты аналар бар. Бұған кінәліні іздемей-ақ қояйық. Әрине оларға біз көмектеспесек, басқа кім қол ұшын созады?.

Адам баласы болған соң бойымыздағы қайырымдылық пен адамгершілікті жоғалтпауымыз керек. Әлемде мейірімді жандар көп. Солардың қатарында жүрсек еліміздің дамып, гүлденетініне кәміл сенемін. Мен де волонтер болып осы жылда алға қойған мақсатыма жетіп, келер ұрпақтарға өнегелі тәрбие беріп, тәуелсіз Отанымның көркеюіне өз үлесімді міндетті түрде қосамын.

## ■ ТАРИХИ ТҰЛҒА

# ҚҰНАНБАЙ ТҰЛҒАСЫ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Наурыз мерекесі қарсаңында Шәкәрім университетінде «Құнанбай тұлғасы: аңыз бен ақиқат» атты Халықаралық конференция өткізу жоспарланып отыр. Кезінде таптық идеологияның «құрбаны» болған Құнанбай қажының тұлғалық келбетін айқындау бағытында елімізде көптеген жұмыстар атқарылуда. «Құнанбай» кинофилмінің, «ЖЗЛ» сериясымен ҚР ҰҒА академигі Ерлан Сыдықовтың «Құнанбай» кітабының шығуы осы істің бастамасы деп білеміз.

Атағы үш жүзге жайылған аға сұлтан Құнанбай тұлғасына қатысты деректерді назарларыңызға ұсынамыз.



**1. Мырза Құнанбай.** Құнанбай жастайынан ел ісіне араласып, әкесі жоқта алдына келген дау-дамайды өзі шешіп отырған. тіпті, жас кезінде еншісіне бөлінген азын-аулақ жылқының басым бөлігін кедейлерге таратып берген екен. Осындай істеріне байланысты қажылыққа барғанша, ел арасында «мырза» атанған.



**2. Құнанбайдың найзагерлігі.** Деректерде Құнанбай батыр тұлғалы, балуан денелі болған деседі. Оның бойындағы ерен қасиеттерінің бірі – найзагерлігі еді. Әсіресе, ел арасындағы барымтада қарсы келген жанды шыдаптаған екен. М. Әуезов Құнанбай тұлғасын Шыңғыс ханның қолбасшыларының бірі болған Сүбедеймен салыстыра тамсануы да тегіннен болмаса керек. Бір көзін соқыр болуы да жорықта дойыр қамшының ұшы тиген дейді көнекөз қариялар.

**3. Кенесары көтерілісін басуға қатысуы.** Құнанбайға қарсы айтылған пікірлердің дені оның Кенесары көтерілісін басуға қатысқандығымен байланысты. Әрине, бұл мұрағаттық деректерінде бар ақиқат. Алайда, әкімшілік тарапынан болған бұйрық екендігін, Құнанбайдың орын алған жағдайды саралап,

ел қамы үшін осындай қадамға барғандығын да ескеру қажет. Құжаттарда жоғары жаққа жіберілген рапорттарда Құнанбайдың Кенесарыны білек сыбана қумағандығы, қатты кіріспегендігі айтылады. Бұл жайында ел арасындағы әңгімелерде деректерді нақтылай түседі.

#### 4. Мешіт салдыруы.

Қарқаралы қаласындағы мешіт 1850 жылы басталып, 1851 жылы аяқталған. Негізінен бұл игілікті іске Қарқаралы округіне қарасты барлық ауқатты, абыройлы тұлғалар да атсалысқан. Алайда, құрылыс 1849-1852 жылдары Құнанбай аға сұлтан болған кезде салынғандықтан, сондай-ақ іс аға сұлтанның өз қолына алуына байланысты ел «Құнанбай мешіті» деп атап кеткен.

**5. Қажы Құнанбай.** Құнанбайдың қартайған шағында Меккеге қажылық парызын өтеу мақсатында сапарлауға бел бууы – атақ-абырой үшін емес, бойындағы тектілігі мен имандылығының көрінісі еді. «Құнанбай туғанда Зере әжеміз дәретсіз емізбеген» деген деректің өзі оған имандылықтың ана сүті арқылы дарығанын көрсетпей ме!? Ол заманның қажылық сапарының қиындығы мен ұзақ уақытқа созылуын есепке алсақ, қажылыққа ниет қылған

адамдардың да дінге деген құрметінің ерекше болғаны аңғарылады. Қажылық сапарда Құнанбай тындырған үлкен істің бірі – Меккеде мұсылмандар түсетін «тәкие» - қонақ үй салдыру ісіне атсалысқандығы. Тұлғаның бұл қыры әлі де ізерлете зерттеуді қажет етері сөзсіз.

**Құнанбай феномені.** Құнанбай туралы бүгінге дейін айтылып та, жазылып та келді. Бұл үрдіс тоқтап қалмақ емес. Құнанбай дәуірі қазақ халқының еркі өзінен кетіп, басыбайлы қалыпқа түсіп бара жатқан күрделі кезең. Осы кезеңде халыққа тіреу болған, елдің «темірқазығына» айналған Құнанбай сынды тұлғалардың ел басқару ісіне араласуы қазақтың мүддесіне жұмыс жасады.

А. Янушкевичтің қазақ даласына сапар туралы жазбасында Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасын: «Құнанбай да XIX ғасырдағы қазақ тарихының көрнекті кейіпкерлерінің бірі де, бірегейі. Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды» - деп тамсана сипаттаған.

Құнанбай қажының қазақ тарихындағы орнын айқындап, жас ұрпақ жадында қалтыру бүгінгі аға ұрпақтың басты міндеті деп білеміз.

**Еркін Рахметулин,  
тарих және саясаттану оқу  
кафедрасының аға оқытушысы.**

## ■ МЕРЕЙТОЙ

**ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ****профессор Арап Еспенбетов 75 жаста****Басы 1-бетте.**

Ең алғаш бакалаврда оқып жүргенде "XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті" дәрісінде Б.Кенжебаев сынды талай арыстарымыздың еңбектерін портфеліне салып әкеліп, студенттерге таныстырған сәттерде ол еңбектердің кейіннен қатпарлы архив қойнауларынан ыждағаттылықпен жиналғанын, екінің бірінің қолы жететін сөрелердегі емес, қат еңбектер екендігін сол кезде әсте ой елегінен өткізе қоймағанымыз да рас.

Артынан 2-3курстарда студенттік ғылыми жобаларымыздың тақырыбын таңдап, пединституттан Әуезов университетіне баратын едік ұстазымызға. Ол кезде сол университеттің ректоры бола тұра, жұмысының тығыздығына қарамастан, бізге арнайы уақытын бөле отырып, қалай жазу-сызуды үйрететіні де күні бүгіндей көз алдымызда.

Докторлық диссертациямызды жазуда ұстазымыздың өнегелі кеңесі өшпестей өзінің өрнегін салды ойымызға: архив материалдарымен жұмыс істеу машақатын түсіндірді; қиын іске еппен енгізіп, ажырамастай серік етіп берді қолжазбалармен жұмыс істеуді. Қиындығы мен рахатын қатар сезініп, көне басылымдармен

жұмыс істеуге отырғанда, күні бүгінге дейін ұстаз қалыптастырған дағды мен әрекеттен ауытқымайтынымыз анық.

Арап Сләмұлының ізгі қасиеттерінің бірі - үлкен-кіші деп талғамай, кез келген адамды зор ықыласпен тыңдай білуінде.

Кез келген іс-шараға белгіленген уақыттан он бес минут ерте келуге дағдылансақ; әрбір материалдың сілтемесіне қарай сол кітаптың парағына көз жүгіртіп барып, белгілі бір ғылыми тұжырым жасауға дағдылансақ; студенттерімізді мұқият тыңдап, кез келген жағдайда ойымызды бүкпесіз ортаға салып, шындықты айтуға ғадеттенсек; бұл - ұстазымыздың төл тәрбиесінің жемісі деп білеміз.

Туған жердің қадірі де ғалым-ұстаз үшін бір биік шың. Ұзақ жылдар табан аудармай, Қайым сынды ағалардың ізін жалғап, Семей топырағында жемісті еңбек етуі бүгінде өзі туған топырағында әдеби мектептің негізінің қалыптасуына зор ықпал етті.

Көз көргендер мен құлақ естігендер тамсана тілдеріне тиек ететін "Еспенбетов мектебі" деген із де талай ғылыми арналарға жол ашып үлгерді...

Еспенбетов ғылыми мектебі бүгінде қанатын кеңге жайып, ғалымның алдын көрген шәкірттерінің өзі талай буын ұрпақты тәрбиелеп шығарған аға буын өкілдеріне айналып үлгергені қашан?.. Мәуелі бақтың жемісі де: екі ғылым докторын, он тоғыз ғылым кандидатын, талай ғылым магистрлерін қорғатқан ғалымның ғылыми мектебі қанатын кеңге жайған. Құнды ғылыми мақалалар мен бірегей ғылыми еңбектер, әдістемелік оқу құралдары да Еспенбетов қаламынан дүние келіп, ұрпаққа білім нәрін себуге талай буынға жарық сәуле сыйлауда.

Абайдың ақындық өмірбаянынан бастап, Шәкәрімтанудың қалыптасу тарихымен жалғасқан, Әріп, Көкбай, Әсет, Тайыр т.б. өнегелі тұлғалардың шығармашылықтарын әр қырынан өз шәкірттеріне зерттеу

тақырыбы етіп ұсынып, олардың ғылыми дәрежесі бар маман ретінде қалыптасуларына зор ықпал еткен ұстаз ғұмыры оқытушылықпен де біте қайнасып жатыр. Талай студентке дәріс оқуда ғалымның дәрісі инновация мен ғалам жаңалықтарынан әсте тыс қалған емес.

Білмеген сұрақтың жауабын іздеуде Арап Сләмұлына жүгінеріміз де рас. Ғылыми ізденістеріміздің тұжырымын қорытындылауда да Арап ағамыздың кеңесі негізгі бағдарымызда тұратыны да хақ. Туған қаламыздан шалғай кетпей, шетел кумай, орнығып, елімізде еңбек етіп, жоғары білім алған ұямыздың қадірін өз уақытында сезіне білуімізге де ұстазымыздың ықпалы терең болғанын ешқашан жасырмақ емеспіз.

Семейдегі адами ғұмырының әрбір белесі маңдай терімен еткен еңбегіне қарай абырой-беделінің жемісін берді.

Осы күнге дейін Елбасының, ел Президентінің қолынан талай биік марапаттарды алған біздің ұстазымыз - елдің маңдайалды ағартушысы.

Иә, біздің ұстазымыз - белгілі ғалым. Шәкіртінің әрбір қадамын қадір тұтатын, олардың жетістікке жетуі жолдарында аянбай тер төге білетін бағбан ғалым.

Ол - адами-әдеби бағыттың тура жолын көрсетіп отыратын шәкірттерінің Темірқазық бағдары.

Біздің ұстазымыз - еліміздің құрметті азаматы. Елдің алғысына бөленуден артық бақыт адамзатта бар ма екен...

Ғылымдағы ұстаздары Б.Кенжебаев, З.Қабдоловтардың ізін жалғаған, жетпіс бестің асқарына көтерілген Арап Сләмұлының өзіне тән ұстаздық болмысы, байыпты көзқарасы, терең білімі, замана көшіне лайық көреген ойлары әрбір шәкіртіне теңдессіз тағылым.


**Арай Жүндібаева,**  
әдебиет зерттеушісі,  
қауымдастырылған профессор,  
философия докторы (PhD).

# АҒАЛАРДЫҢ АҚ ТІЛЕГІ


**Зейнолла Қабдолов, жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА-ның академигі:**

«Ең бастысы – Арап Еспенбетов атқарған ғылыми зерттеудің кең ауқымдылығы: С.Торайғыров шығармашылығының бар саласы тұңғыш рет монографиялық зерттеудің жеткілікті толық көлемінде қамтылды.

Оның ішінде бұрын идеологиялық тыйым салуға ұшыраған тақырыптар қарастырылды; ақынның жиырмамыншы, отызыншы жылдардағы қоғам-саяси қызметіне баға берілді, қаламгердің саясатшы, журналист, жазушылармен, қысқасы сол кезең зиялыларымен көп қырлы байланыстары ашылды, тұтастай алғанда, тарихи тұлғаның бар қызметін жинақтау жүзеге асырылды».



*Жас ғалым Арап Еспенбетов жетекшісі Бейсембай Кенжебаевпен бірге*



**Әдебиетші, ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев:**

– Қадірлі Арап! Өзің де Сәкенге ұқсас жігітсің ғой. Ісің одан да артық болсын. Қазақтың сыни ойларының толқындарын алыстан аңғаратын азаматсың ғой. Абыройлы бола бер.

Өмірдің әр соқпағында жүрген кезде түйген ой, көрген сурет араласқан жылғалардың кейбір елестері өзіңдей азаматтарға ой салып, жөн сілтесе игі. Семей өңірінде қазақ ғылымы мен мәдениетіне өздерінің үлесін қосатын жас ұрпақтарды тәрбиелеп жатқан бағытыңды дамыта түсуіңе тілектес ағаң!



*Ұстазы Қайым Мұхамедхановпен*

**Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов:**

«М.О.Әуезов атындағы Семей университетінің студенттерімен кездесуге бардым. Арап Еспенбетов дейтін бойы теректей, от ауызды, орақ тілді, ер көңіл ректоры бар екен. Әр сөзі қылыштай қиып түседі. Маған университеттің құрметті профессоры атағын берді. Мен:

«Апыр-ау, мен сабақ беріп, лекция оқыған адам емеспін. Мынау профессорлық дегеніңе ептеп қысылып тұрмын», - деп едім, Арап былай деді: «Әз-аға, біздің лекциямызға әрі кеткенде жүз адам жиналады. Ал сіз кітаптарыңыз арқылы миллиондарға махаббат, патриотизм, еңбек тәрбиесі туралы дәріс бердіңіз. Көрдіңіз бе, сіздің аудиторияңыз анағұрлым ауқымды!» (Күнделігіме түскен ойларым үшін өкініп көрген жерім жоқ // «Айқын» 2006, 13 мамыр).



*Ғалым Ақселеу Сейдімбековпен*



*А.С.Еспенбетов студенттермен*

# ТҮРКИЯ ЕЛІНЕН АЛҒАН ӘСЕРІМ МОЛ

*Шәкәрім университетінде академиялық ұтқырлық жобасымен студенттерге шетелдерде бір немесе екі семестр көлемінде білім алуға мүмкіндіктері бар. Осындай мүмкіндікті пайдаланған журналистика мамандығының 3 курс студенті Салиха Мубаракова бірінші семестрді Түркия елінде оқып келген еді.*

*Салиха Мубараковамен жүргізген сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.*

– Түркияның білім жүйесі көңіліңе ұнады ма?

– Мен Денизли қаласындағы Таммукале университетіне қабылдандым. Түркияның білімі өте жақсы, себебі маған дәріс берген оқытушылардың деңгейі PhD доктор болды. Бізден өзгешелік көп. Мысалы сабақ айтқан кезде барлығы еркін форматта өтеді және арнайы технологиялармен жабдықталған компьютермен де жұмыс жасадық.



Айта кететін жайт күнделікті сабақта бізге тек қана дәрістерді жаздыратын. Ал сабақ айтқызбайды. Себебі онда әр студент өзі үшін оқиды, баға үшін оқымайды. Межелікте және сессияда бір семестр бойы жазған лекцияларымызды тексеріп, қосымша сұрақтар қойып, тестлеу жұмыстары арқылы біліміміздің

деңгейін анықтап барып ғана бағалайды.

– Түрік елінен алған әсеріңді айта кетсең?

– Тек оқумен ғана шектеліп қоймай саяхатты да қоса алып жүрдім. Түркияның көптеген әдемі жерлерін аралап, тарихымен танысып, қызық оқиғаларды бастан кешірдім.

Қызық оқиғалардың біріне тоқталсам, түрік халықтары жылқы етін мүлдем жемейді екен. Ол жылқыны жеті қазынаның бірі деп қастерлеп құрметтейді.

Бірнеше қалаларында болдық. Маған ерекше әсер еткені Каппадокиядағы саяхатым. Не үшін маған әсерлі болды деп ойлайсыз? Себебі, сол қаланың негізгі ерешелігі таңғы сағат 5–тен 6 – ға дейінгі уақыт аралығында шардың аспан көгінде қалықтап ұшуы. Көзбен көріп, жүрекпен сезінген сезім бұл. Бір сағат уақыт аралығын қамтитын бұл сәт, менің өмірімдегі ұмытылмас айрықша сәт деп білемін.

– Түріктердің болмысы жөнінде не айтасың?

– Екі материктің дәл ортасында отырған түрік елі екі мәдениетті бірдей ұстанып отырған ел сияқты көрінді. Маған қатты ұнағаны Түркияның адамдары өте кішіпейіл.

Мен университетке алғаш келгенімде Қазақстаннан екі қыз болдық. Сол кезде түрік қыздары біздің жанымызға келіп қонақ жайлылық көрсетіп, бауырларына басты. Бірден сабақтан кейін бізді өз үйлеріне қонаққа шақырды. Менің группамда 60 студент болды, олардың біреуі де қалмай бізді



жылы қабақпен қарсы алды.

Бірде мен университетте ұялы телефонымды ұмытып кетіппін. Жергілікті группаластарым телефонымды үйіме дейін әкеліп берді, сондай риза болдым.

Ұлттық тағамдарының дәмін де татып көрдік. Әсіресе пахваланы айтсаңызшы дәмі тіл үйіреді.

– Осы сапардан кейін өзіңнен қандай өзгерістер байқадың?

– Мен ең алдымен түрік тілін үйрендім және санаулы айлар ішінде өз бойыма жақсы қасиеттерді сіңірдім. Жалпы шетелге шыққанда басты қиындық тіл мәселесі болады екен. Сондықтан өз ана тіліңмен қатар өзгеннің тілін үйренген жөн. Айта кетейін бұрын менде тез ренжіп қалатын әдет болған, ал қазір сол жаман әдетімнен арылдым.

Шетелде болып, ел, жер көрген соң шынымен де менің санам жақсы жаққа өзгерді. Ата- бабаларымыз: «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра»- деп бекер айтқан жоқ қой. Ел аралап, жер көргенге не жетсін!

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген  
Әсел Масалимова,  
журналистика мамандығының  
4 курс студенті.

## ■ ЖАҢАЛЫҚТАР

### БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАР ТОП ЖАРДЫ



“Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі” мамандығының студенттері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткен “XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұрасы” атты Республикалық пәндік олимпиадаға қатысып, 3-орынға ие болды.

Олимпиада барысында студенттер Абайдың педагогикалық мұрасын жақсы білетіндігін, рухани – адамгершілік тәрбие беру саласында практикалық білімдерін көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінді.

«Студенттер өздерін ұлы Абайдың отанынан екенін дәлелдеп, намысты қолдан бермеді» дейді кафедра оқытушылары.

### ДЕКАН СЫЙЛЫҚ ҰСЫНДЫ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні. Мереке қарсаңында Ақпараттық коммуникациялық технологиялар факультеті мен факультет деканы Айгүл Шайханова университеттің белсенді студенттеріне Қуаныш Шоңбайдың «Екінші болма» атты мотивациялық кітабын сыйға тартты.



Айта кетейік «Халықаралық кітап сыйлау күні» күнтізбедегі ең жас мерекелердің бірі. Ал, сіз мерекеде қандай кітап сыйға алғыңыз келеді немесе қандай кітап сыйлайтын едіңіз?

### АЙМАҚТЫҚ ОЛИМПИАДА ӨТТІ



Орыс және шетел филологиясы кафедрасында ағылшын тілінен мектеп, гимназия және лицей оқушыларына арналған олимпиада өтті.

Оқушылардың ағылшын тілін оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында ұйымдастырылған олимпиадаға аймақтың 36 мектебінен 74 оқушы қатысты.

Қатысушылар лексикалық-грамматикалық тест, тыңдалым және айтылым бөлімдері бойынша тапсырмаларды орындап, бақ сынасты. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.



### СЕМЕЙЛІКТЕР АУҒАН СОҒЫСЫНДА

(31 жыл бұрын)

1978 жылы Ауғанстанда сәуірде төңкеріс болып, соңы аяқталмас соғысқа айналды. Бұл қасірет елдің ішінде ғана емес, сырт мемлекеттердің қатысуымен де ұзаққа созылды. 1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Соғысқа 22 мың қазақстандық қатысты. Соғыстың аяқталғанына 15 ақпанда 31 жыл толды.

Өткен ғасырда интернационализм идеяларын бойына сіңіріп, саяси ойындардың құрбанына айналған мыңдаған ер азаматтар жат елде жан тапсырып, ұрыс даласынан ауыр жарақаттармен оралды. Ал, аман оралғандар үшін "Ауған соғысы" - естен кетпес жан-жарасына айналды.

Бүгінгі өткізілген іс-шарамызды дәл осы қасіретті жылдардың куәсі ауған соғысына қатысқан жерлесіміз, әрі ұжымдағы әріптесіміз — Түсіпов Нұрлан Оразханұлына арнадық.

Кездесуде, ардагер соғыс кезеңіндегі өмірі мен ғылым саласына келуі туралы баяндады. Қасіретті жылдарды ойына жиі салудан гөрі, көңілін ерлік туралы әндер мен арнауларға толтыруды жөн көрдік.

Нұрлан Оразханұлын тыңдаған жастар салмақты ой түйіп қайтты.

Жадымыз жақсы естеліктерге толсын!  
Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Семей жобалық кеңсесі.



Құрылтайшысы:  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.

Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Редактор  
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның мекен-жайы:  
Семей қаласы,  
Глинка көшесі, 20 а,  
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспаханасында басылып шығарылды.  
Тел: 31-88-34  
Семей қаласы, Глинка, 20 а  
Таралымы 500 дана

# Жыр айдынынан...



**ДІЛНАЗ ҒАЛЫМБЕК -**  
қазақ филологиясы  
факультетінің  
1-курс студенті

## КЕЗДЕСКЕНДЕ

Көзімнің мөлдірінен сыр ұқтырып,  
Өрт сезімге өртене күйіп тұрып.  
Кездескенде айта алмай іштегімді,  
Сені өзімнен бездірем, сүйіп тұрып.

Махаббатқа басымды иіп, көніп,  
Сағыныштан жүрсем де күйік көріп.  
Кездескенде өзіңнен алшақтаймын,  
Үнсіздікті араға үйіп төгіп.

Сен де өзіңді құрбан қып, жылап ішің,  
Жүрегіңді намысқа жығамысың.  
Мен қырсықсам, өтінем, шамданбашы,  
Еркелігім ол менің, ұғамысың?!

Түсініспей өтіп жатыр есіл өмір,  
Шер тарқатар күн қайда шешіліп бір.  
Намыстанып қайтесің, жарқыным-ау,  
Мықты болсаң, мінезімді кешіре біл!

\*\*\*

Ойларым ұйытқыған құйын тегі,  
Бір тыныштық жаныма бұйырса еді...  
Сан сұрақтан шаршадым миым қатып,  
Қандай жансың? Түсіну қиын сені...

Жәудіреген мөп-мөлдір жанарыма,  
Қарай алсаң түп-түзу қара мына!  
Көңілді іреп қызғаныш, сайтан алғыр,  
Арамызға жік салып барады ма?..

Ақыл құрғыр басым боп кетеді де,  
Ере алмаймыз сезімнің жетегіне.  
Үміттер мен күдіктер тайталасқан,  
Ғұмырымыз осылай өтеді ме?!

Бұрын соңды күй кешіп кезікпеген,  
Бір шешімнің керегін сезіп келем.  
Не істерімді білмеймін Құдайым-ай,  
Кетсем бе екен бір жола безіп сенен...



**ЖАҚСЫЛЫҚ АСҚАРБЕК -**  
қазақ филологиясы  
факультетінің  
4-курс студенті

## АРА ШАҒЫП АЛҒАН ҚЫЗ

Гүл солмады!  
Жаз ғой әлі!  
Жалған Күз!  
Аралар жүр: -татамыз деп балдан біз!  
Айқай салды арасынан көп гүлдің,  
Адамға да, Ақынға да арман қыз!

Мұңын айтып, сырын айтып бір үзік,  
Бар үмітін бірде жалғап, бір үзіп.  
Ара шағып алыпты оны аңдаусыз,  
Тұрғанында сағағынан гүл үзіп!

У болып па шағып алса, сол да аса?!  
Махаббаттың уындай ма, далбаса?!  
Шөліркеген жан едім ғой, нәріңе,  
Сөзбен шағып алған кезім болмаса!

Тағдырсыз-ақ, талғамсыз-ақ, таңдаусыз,  
Көк көйлек пен қоңыр көзге арбаусыз.  
Қара қасың қиып түсіп қайғымды,  
Сүйіп қалғам мен де сізді аңдаусыз!

Гүл солмады!  
Жаз ғой әлі!  
Жалған Күз!  
Тата алмадық ерніндегі балдан біз!  
Арманы жоқ Ара құрлы болмадым,  
Қош бол енді, Ара шағып алған қыз!

Қою көк түс көйлегің де құлпырған,  
Гүл секілді ерінің де, гүл тұлғаң.  
Аңғармастан сұлулықты Ара да,  
Гүл екен деп қалған шығар бұл тұрған!

...Қош бол енді, Ара шағып алған, қыз!



**БЕЙСЕНБЕК БАЛЖАН -**  
қазақ филологиясы  
факультетінің  
4-курс студенті

## ӘКЕМЕ

Көңілімнің баға алдың бар қалауын,  
Уайым етіп жолыма сан қарадың.  
Еркелікті көтермейтін өмірде,  
Еркең етіп, шаршамай арқаладың.

Сыйлап өтем әрбір аппақ шашыңды,  
Сұрамаймын Алладан қымбат асылды.  
Жабырқаған, шаршаған сәттерімде.  
Иығыңа қойсам болды басымды.

Есейсем де еркелеймін саған балаша,  
Қуанғаның қайталанбас тамаша.  
Жұмақтың бір бейнесі деп санаймын,  
Күлімсіреп Сен анама,  
анам саған қараса.

Маған Сенің ақылыңнан ес кірген,  
Сенің салған жолыңа қарап өстім мен.  
Қамқоршымысың арқамдағы тірегім,  
Рахмет саған, кем қылмадың ешкімнен.

\*\*\*

Өмір деген аңыз және ертегі,  
Қобыз - жүрек мұң-наласын шертеді.  
Өксігімді кімге барып басамын?,  
Өзегімде жалындаған өрт еді..!

Тәңір - бізді ақын етіп жаратты,  
Ал, шайырлар жыр - шуағын таратты.  
Аспан жақтың тылсымына таңғалып,  
Тағы міне аңсауменен таң атты!

Өр бір сөзің - бумеранг қарасаң,  
Адасасың, ойлар - орман орасан.  
Тар жолынан табаның да таймайды,  
Ар жолымен ақиқатқа қарасаң!

Талай жырды әлдиледім түн қатып,  
Уақыт шіркін өтіп жатыр зулатып,  
Өкінішсіз өмір сүру ақынға,  
Тіпті барлық адамға да, шын бақыт!